



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

деген сөзі еріксіз ойға оралады. Демек, кез келген тұлғаға білімнен бұрын тәрбие берілу керек. Адамға тәрбиені ата-ана, оқу орындары, қоғам береді. Ия, «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» демекші, ата-ана жас жеткіншектерге жастайынан мәдениеттілік пен құқықтық сана ұғымын түсіндіріп жеткізсе, қоғамдағы құқықбұзушылықтар саны азаятыны анық. Сондықтан бүгінгі ұрпаққа құқықтық мәдениеттің даму тенденциялары мен болашағы отбасының және мемлекеттің еншісінде екенін естен шығарып алмайық. Біздің ойымызша, халқы заңын сыйлайтын, сотына сенетін қоғам — ең дамыған қоғам. Біздің мақсатымыз — дәл сондай қоғам құру болып табылады. Сол қоғамды бірігіп құруға атсалысайық! **Ұсыныс:-** «Ұсақ құқық бұзушылыққа төзбеу ахуалы - қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам» принципі жаңғыртылса; «Тәуелсіз және әділетті сот— құқықтық мемлекеттің негізі» демекші, жоғары оқу орындарында құқық қорғау органдары атап айтқанда, сот, прокурорлар келіп құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында құқықтық сананың жоғарылауына әсер ететіндей, студенттерге ашық түрде кездесулер өткізсе.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ағыбаев А. Құқықтық сауаттылық-құқықтық мемлекетті орнықтырудың алғышарты// «Әділ сот» ғылыми-құқықтық журнал.-Алматы.-2013ж №3.-30 б
2. Бержанова Ж.З. Сыныптан тыс тәрбие жұмыстары негізінде оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру.-Қызылорда.-2012ж.-25 б.
3. Мырзалы С. Философия.-Алматы: «Бастау»,2010ж.-644б
4. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.Астана,Ақорда.-2012ж. 14 желтоқсан <http://www.inform.kz>
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы.-Алматы.-2012ж.-40б
6. Махамбетов А. Заңдылықты сақтау мен адам құқығын қорғауда бақылау мықты//Заң.-Алматы.-2012ж.№1.-40б
7. Ибрагимов Ж.И. Полиция «жан алушы» ма, жанашыр ма?//Астана ақшамы газеті.№ 22, 21 ақпан 2013 жыл. 20 б
8. Назарбаев Н.Ә. Ұлттық сот жүйесінің «Қазақстан-2050» стратегиясы аясындағы міндеттері атты VI съезі//Заң.-Алматы.-20.11.2013ж.
9. Түсіпбекова А. Қылмыс әлемін ауыздықтау бала тәрбиесінен басталмақ// «Әділ сот» ғылыми-құқықтық журнал.-Алматы.-2013ж №5.-30б

УДК 340

АЛАШ ПАРТИЯСЫ БАҒДАРЛАМАСЫ АЛҒАШҚЫ КОНСТИТУЦИЯ РЕТІНДЕ

Аяш Алуа

alua.ayash@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 1-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - з.ғ.к., доцент Б.Ө. Алтынбасов

Ғасырлар тоғысындағы Тәуелсіз мемлекетіміздің құрылуы қазақ халқының талай жылға созылған ұлт-азаттық күресінің заңды нәтижесі. Тәуелсіздікке жеткізген жол даңғыл болған жоқ, ол ұлы белестерден, қиын-қыстау асулардан тұрады. Болашақ мемлекетіміздің ірге тасы осы Алаш қайраткерлері өмір сүрген тарихи кезеңдерде қаланған болатын. Азаттық жолындағы қасиетті де қасіретті күрестің тарихын және ұлт мүддесі жолында күрескен қазақ зиялыларының өмірі мен қызметін зерттеп тануға қазіргі таңда зор мүмкіндіктер туып отыр [1].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының отаршыл саясаты қазақ халқының тәуелсіз мемлекет құру идеясын орындалмас қиялға айналдыруға бар күш-жігерін жұмсады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев "Тарих толқынында" атты еңбегінде: "Сырым Датов, Кенесары Қасымов және басқалар бастаған көтерілістер қазақтың ұлттық рухын орнықтыруға, ортақ жау - Ресей патшалығына қарсы күресте қазақтардың барлық күшін біріктіруге талпынған әрекеттер еді", - деп көрсетуі тарихи ақиқатқа негізделген [2].

Халқымыздың ғасырлар бойы тәуелсіз ел болуын көксеген армандарын Тәуелсіздігімізге 20 жыл, ал Ата заңымыздың қабылданғына 16 жыл, осы өткен қысқа мерзім ішінде біздің елімізде Конституцияны қолданудың, оның нормаларын жүзеге асырудың механизмдері мен тәртібі, тәжірибесі мен дәстүрі берік қалыптасты деп атап өтуге толық негіз бар. Сонымен қатар, Ата заңымыздың бірлікті нығайтуға, түрлі институттар мен мемлекеттік құрылым, қоғамдық және саяси жүйенің негізгі қағидаларын бекітуге бағытталғандығын, мемлекеттің алыс және жақын болашақтағы алдына қойған мақсат-мүдделері бірте-бірте көз алдымызда орындалып жатқандығынан да бақылауымызға болады [3].

«Конституцияны қатаң ұстану – бұл мемлекеттіліктің табысты дамуының және қоғамдағы азаматтық келісімнің негізі. Ол бойынша өмір сүру – бұл демократияның ең жоғарғы мектебі. Бұл мектептен барлығымыз өтуге тиіспіз. Біздің міндет – Конституцияға аса ұқыптылықпен қарау». Бір сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев осылай деген еді. Шындығында кез келген мемлекеттің ұстанымын, ұлтының құндылығын айқындайтын Негізгі Құжат – Конституция. Олай болса, Ата заңды киелідей аялап, қастерлеу – ұлттың ұлы парызы. Бірақ осы жаңа Конституция мәтінінде Алаш қозғалысының бағдарламасының ізі жатыр [4]. Әуел сөзді осы тұстан бастаған жөн.

Рухани жұбанышымызға орай, «ағылшын экономикасы», «француз утопиясы», «неміс философиясы», «славян идеясы» іспетті ұлттың саналық рухани болмысын анықтайтын «Алаш идеясы» қазақ топырағында да аса күрделі жағдайда қалыптасты. Ұлттық азаттығың, рухани тәуелсіздігің, жерің-Отаның, тілің-құдіретің, тарихың-тағдырың, саяси бас бостандығың мен экономикалық дербестігің – Алаштың Азаттығында дейтін Ортақ ұлттық мүддені ұран еткен, оны жүзеге асырған Ұжданды Ұлдар туды [5].

Бірінші орыс революциясы дүмпуі Ресей империясының шет аймақтарында да ұлт-азаттық қозғалыстың өрши түсуіне әсер етті. Осы жылдары қазақ зиялылары жалпы ұлттық мүдде арнасында іс-әрекеттерге көшіп, ұлттық бірлікті орнықтыруға, әрі тәуелсіздік жолында ұлттық, мұсылмандық, түркілік бірлік идеясы негізінде діндес, бауырлас, тағдырлас елдер өкілдерімен бірлесе кіріскенді [6].

Патшалық Ресей қазақтың кең жазира даласын мемлекет меншігі деп жариялап, «пайдаланылмайтын бос жер» деген желеңмен озбырлықпен тартып алып, қоныс аударушыларға бөліп беру орын алды. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысы дін тазалығын, тіл тазалығын қорғаудан, оқу-ағарту, ұлттық салт-дәстүрлерді қолдаудан басталып, біртіндеп жер дауы, ел дауына ұласты. Яғни, академик М.Қозыбаев көрсеткендей, “Алаштың ұлт азаттық қозғалысы идеологиясының өзегі – отаршылдық наразылық, отаршылдыққа қарсы ұлтшылдық. Олар заңмен шектелген праволық қоғам, конституцияда анықталған кейбір саяси бостандықтар, ғылым мен мәдени даму көлемінде күресіп бақты”[7].

Алаш тарихын зерттеушілер алғашқы Ата заң туралы әңгіме болғанда екі мәселені алға тартады. Оның бірі Әлихан Бөкейханның тапсыруымен заңгер Барлыбек Сырттановтың жазып шыққан «Қазақ елінің уставы» деген құжат. Екіншісі – партияның бағдарламалық құжаты. Барлыбек Сырттановтың «Қазақ елінің уставы» жаңа заманға лайықтандырылып жазылған, кіріспе мен төрт бөлімнен тұрады. Оның кіріспесінде қазақ елін көне ұлттардың бірі ретінде атай келе, оның тарихына көз жүгіртеді.

Ал екінші «Алаш конституциясы» атанған құжатты қалың жұртшылық «Алаш» партиясының бағдарламасы ретінде таниды. Мұны кейбір сарапшылар «Конституция» дегеннен гөрі «конституциялық бағдарлама» дегенге келтіреді. Шындығында, алаш

қайраткерлері тәуелсіздіктің мүмкіндігі ұшқындаған тұстан-ақ ұлттық-демократиялық сипаттағы мемлекет құруды мақсат еткен. Міне, осы мақсат жолында Алаш партиясы алғаш рет заманның даму үдесінен шығатын, мемлекеттілік талаптарына сай келетін конституциялық сипаттағы бағдарламасын жасағаны белгілі. Алаш партиясының саяси бағдарламасының жобасын жасауға ұлт қайраткерлері Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Е.Ғұмар, Е.Тұрмұхамедов, Ғ.Жүндібаев, Ғ.Бірімжановтар бастаған қазақтың сол кездегі алдыңғы қатарлы, озық ойлы азаматтары атсалысты [4].

Жиырманшы ғасырдың алғашқы жартыжылдығында “Алаш” партиясы бағдарламасының жобасы 1917 жылдың 21 қарашасында қабылданған, Қазақстанның бірінші Конституциясы СССР құрылған соң 1925 жылы 18 ақпандағы ҚазАССР Орталық атқарушы комитеттің қаулысының нақты редакциясымен және Қазақстан РСФСР қол астында болғандықтан 1925 жылғы РСФСР Конституциясының есебімен қабылданды. Аталмыш негізгі заң басқару формасын, мемлекет құрылымын, саяси тәртіпті, мемлекеттік билік органдарының құрылымын, атқарушы-басқаратын органдардың құрылымын бекітті. Бюджет, сайлау құқықтарының белсенді және енжер бастау негіздері анықталды. Аталмыш Конституцияға сәйкес Қазақстан РСФСР құрамында тең құқықты республика болды. Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының 1937 жылғы 26 наурызда Х бүкіл қазақтар құрылтай кеңесінде қабылданған Қазақ СССР Конституциясы 11 бөлім және 125 баптан құралды. Конституцияда азаматтардың негізгі міндеттері мен құқықтары анықталған: еңбектенуге құқылы болу (96 бап), демалысқа құқылы болу (97 бап), кәрілікте, еңбекке жарамсыздық және ауруға шалдығу жағдайында материалдық қамсыздандыру (98 бап), денсаулықты қорғау, сөз бостандығы, баспасөз, жиналыс, митинг, көше шерулері және демонстрациялардың кепілдіктері, адамның жеке басына, баспанасына қол сұғылмаушылық, азаматтардың жат жазуына, шетелдік азаматтардың бас сауғалау құқығы [8].

XX ғасырдың басында Әлиханов Бөкейханов бастаған алаш зиялылары ұлттық мемлекеттілік, президенттік басқару, құқықты-демократиялық қоғам құру, дінді мемлекеттен бөлу, ұлтаралық келісім сияқты тәуелсіз елдің іргесін қалауға негіз болатын мәселелерді заңды жолмен шешуге ұмтылыс жасап, әрі оларды іс жүзіне асыру үшін нақты іс-шаралар жүргізді. Бұл 1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде жарияланған «Алаш» партиясы бағдарламасы жобасында ашық көрініс тапты. Атап айтқанда, бағдарлама жобасы Алаш автономиясының мемлекеттілік негіздерін айқындайтын келесідей 10 бөлімнен тұрды: Мемлекет қалпы, Жергілікті бостандық, Негізгі құқық, Дін ісі, Билік һәм сот, Ел қорғау, Салық, Жұмысшылар, Ғылым-білім үйрету, Жер мәселесі [9].

Екі автономияның арасындағы айырмашылықтарды олар былайша қарастырды: «Мемлекеттік автономия болса, өз Г. Думасы болмақ; өзіне керек закондарды сол Думасы шығармақ; Ақшасын өзі жасап шығармақ; Барша шаруашылық ісі, теміржол, почта, телеграф сияқты істерінің бәрі де өзінде болмақ; Жер-суының билігі де өзінде болмақ; Өз алдына әскер ұстамақ; Қысқасы, мемлекетке керек жабдықтарын өзі жайғастырып, өз қамын өзі жемек. Жалғыз-ақ шет мемлекеттермен арасында болатын істер жалпы мемлекет арқылы істелмек. Жалпы мемлекеттің мемлекеттік автономияда өкілі ғана тұрмақ. Мемлекеттік автономияның бас мемлекетпен жалғасатын жері осылар ғана. Уалаяттық автономия болса, оның өз алдына ақшасы, теміржолы, почта, телеграфы, әскері болмайды, жалпы мемлекеттің Г. Думасына өкілдерін жібереді» [10].

Съезде А.Байтұрсынов пен М.Дулатов "автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін құру" идеясын ұсынса, Ө.Бөкейханов "демократиялық, федеративтік және парламенттік Россия республикасының құрамындағы" қазақтың ұлттық-территориялық автономиясы болуын қолдады. Басым көпшілік Ө.Бөкейхановтың ұсынысын қолдайды.

Сондай-ақ, осы съезде бұрыннан айтылып келе жатқан саяси ұйым - "Алаш" партиясы құрылып, оның бағдарламасын жасау жөнінде қаулы қабылданғанын білеміз. Партияның бағдарлама жобасын Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғабдолхамит Жүндібаев, Ғазымбек Бірімжанов бірігіп жасады. Бағдарлама жобасы 1917 жылы 21 қарашада "Қазақ" газетінде жарияланды [11].

"Алаш" партиясы бағдарламасы жобасының негізгі мақсаты – Ресей федеративтік демократиялық республикасының құрамындағы қазақ автономиясын құру болды. Себебі сол кезеңдегі қалыптасқан жағдай бойынша Қазақстанның тәуелсіз ел болуы үшін қажетті шарттар әлі қалыптаспаған еді. Мәні жағынан "Алаш" реакциялық ұлтшыл емес, эволюциялық отаншыл партия еді, ол қазақ қоғамын бірте-бірте өзгерту жолын ұстанды. Ал дін саясаттан ажыратылып, мемлекет зайырлы принципке сүйенетін болуы тиіс деген саяси ұстаным негізделді.

Бағдарлама жобасына қысқаша тоқталатын болсақ, оның бірінші бөлімі "Мемлекет қалпы" деп аталды. Онда Ресей демократиялық, федеративті республика болуы тиіс деп атап көрсетіледі және демократия мен федерация ұғымдарына түсінік беріледі. Демократия - халық билігі, ал федерация өзара тең мемлекеттерге бірлесу. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді. Яғни, өзін-өзі басқаратын тең құқықты мемлекеттер одағы. "Алаш" партиясы ұсынған бұл идеяда іргесі бөлек, ынтымағы бір дербес басқарылатын автономиялардан тұратын федеративті әрі демократиялық Ресей туралы қағида енгізілді.

Мемлекеттік құрылыс мәселесінде Үкімет басында - Құрылтай жиналысы, оның аралығында Құрылтай мен Мемлекеттік Дума белгілі бір мерзімге сайлаған Президент тұрды. Құрылтай жиналысы сессия түрінде жұмыс істеп, оның сессиялары арасында билік тұрақты орган Президенттің қолында болады. Ол халықты Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума алдында жауапты Министрлер Кеңесі арқылы басқарады. Жоғары өкілді органның екі палаталы құрылымы - парламенттік республика ұсынылды, мемлекеттік құрылыс үшін билік бөлінісі идеясы енгізілді. Заң шығару Мемлекеттік Дума құзырында және атқарушы орган қызметіне бақылау жасау үшін депутаттық сауал салу құқығы бар. Жоба авторлары демократиялық сайлау жүйесін ұсынды. Депутаттар тегіс, тең, төте және құпия сайлаумен болады. Азаматтардың сайлау құқығы қан, дін, жыныс айырмашылығына қарамай, барлығының сайлау құқығын жүзеге асыру арқылы бекітіледі. Осы бөлімде бекітілген салықтың өкілді орган - Мемлекеттік Думаның келісімінсіз салынбауы да Алаш қайраткерлерінің заңсыздық пен озбырлыққа жол бермеуге ұмтылысынан көрсетеді.

Бағдарлама жобасының "Жергілікті бостандық" деп аталатын екінші бөлімінде қазақтар мекендейтін облыстарда тұратын барлық ұлттар үшін автономия құру туралы мәселе ең бірінші кезекке қойылады. Мұнда "Алаш" партиясының қазақтың би, болыс, ауылнайлары сияқты орындарда қызмет ететін адамдарының халыққа пайдалы да, адал қызмет ететін механизм жасау жөнінде және оны өмірге енгізу үшін күресетіндігі туралы да сөз болады. Заңды құқықтар мен бостандықтарды қатаң сақтауды мақсат тұтқан "Алаш" партиясы әлеуметтік-әділеттілік саясатын жүргізуге ұмтылды.

"Негізгі құқық" деп аталған үшінші бөлім демократия мен адамгершілікке негізделді. Республикада дінге, қанға қарамай, бар адам тең құқылы болуы, жиылыс пен қауым жасауға, жариялыққа, газет пен кітап бастыруға еркіндік берілуін қолдады. Заңсыз жолмен ешкімді өкімет адамдарының ұстамауы, сот сұрамай, билік айтылмай, тұтқын қылмауы, қылмысты болған адамға судья бар жерде 24 сағат ішінде, судьясыз жерде бір аптадан қалмай қамауға алу туралы санкция ұсыну адам құқығының кепілі. Әрі тергеу орындарының озбырлық әрекеттеріне қарсы бағытталған құқықтық кепілдігі. Азаматтардың табиғи және саяси құқықтарын қамтамасыз ететін мұндай тармақтар бұрын-соңды Ресейдің заңнамасында болмаған екен. "Алаш" қайраткерлері тұжырымдаған либералды демократиялық ұстанымдар өз уақытынан озық болды. Тәуелсіздік жылдары ғана олардың асқақ армандары қолданыс тауып, 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясында өз орнын мықтап тұрып алды.

"Дін ісі" атты төртінші тармақта мемлекеттің зайырлық негізін бекітудің қажеттігі бекітілген. Ар-ождан бостандығы мойындалып, әркім діни сенімі бойынша тең және еркін, діни сенімі бойынша астамшылық немесе дискриминацияға жол берілмейтіні айтылған. Әйелдерге күйеуге шығу құқығы беру, қалың малды жою, молдаларға 16 жасқа толмаған қыздар мен 18 жасқа толмаған ер балалардың некесін қиюына тиым салынды. Жесір дауы да

сотта қаралуы тиіс болды. Мұсылмандық неке құқығының озық жақтары ескеріле отырып неке қию мен ажырасу, балаға ат қою мәселелерін молдаларға беру енгізілді.

"Билік һәм сот" деп аталатын бесінші бөлімде сот билігі және оның ішінде билер соты туралы айтылады. Билік пен соттың әр халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрып ерекшеліктеріне қарай жүргізілуіне басты назар аударған жоба авторлары халыққа жат құқықтық нормаларды енгізуге қарсы. Құқықтық нормалар халықтың тұрмысы мен деңгейіне сәйкес болуы керек. Қала мен ауыл арасындағы айырмашылықты ескерген алаш қайраткерлері ауыл, болыс ішінде билік пен сот қазақ билерінің түрлі жиындарда сот істерін шешу кезінде басшылыққа алған дәстүрлі ереже жолымен атқарылғаны жөн деп бекітеді.

Жобаның алтыншы тармағы ел қорғау мәселесіне арналған. Әскер жасына жеткендерді жергілікті жерлерде әскер ісіне үйрету және қызмет еткізу ұсынылды. Егемен ел болу үшін әскер жасақтау қажеттігін, әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету, әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу, әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқару айтылады.

Жобаның жетінші бөлімі салыққа арналды. Салық салудың пропорционалды жүйесін енгізу ұсынылды: "Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға-байша, кедейге-кедейше ғаділ жолмен таратылу". Бұл ізгі демократиялық қағида болатын. Көріп отырғанымыздай, әлеуметтік әділеттілік мәселесін алаш зиялылары ту етіп көтерді.

"Жұмысшылар" деп аталатын сегізінші тармақта еңбекшілердің құқығын заңмен қорғау қарастырылған. Қазақ жерінде завод-фабрикалардың аз болуы себепті жұмысшылар да аз, сондықтан «Алаш» партиясы жұмысшыларға қатысты социал-демократтардың меньшевик табының программасын жақтайтыны айтылған.

Тоғызыншы "Ғылым-білім үйрету" деп аталатын бөлімде тегін білім алуға баршаның құқығы болуы басты назарда. Мектептерде ана тілінде оқыту, қазақ мектептері мен университет ашу, үкіметтің оқу үрдісіне араласпауы, оқытушылардың сайланбалы болуы, кітапханалар ашу туралы ұсыныстар бар. Білім мен ғылым ісі қай заманда болмасын өзекті, қажетті, болашаққа бағытталған жауапты міндет. Мұны алаш қайраткерлері жете түсініп, келешектегі ұлттық мемлекеттің рухани негізі деп білді. Олардың өткен ғасырда айтқан ұсыныстары бүгінгі күнгі өткір мәселелердің де үстінен дөп түсіп тұр.

Соңғы, оныншы бөлімде қарастырылатыны "Жер мәселесі". Құрылтай негізгі заң қабылдағанда жерден тиесілі үлесін алдымен жергілікті жұртқа берілуін, өлшеу нормасы жердің топырағы мен шаруашылық түріне қарай жасалу мәселесі қойылды. Жерді қазақтар жеке үй басына иеленбей, ауыл-аймақ, туысқан табына меншіктеп алу, жер заңында жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану керектігі де ескерілді. Ал бұрын қазақтардан алынып, бірақ мұжық қоныстанбаған жерді қазақтарға қайтару керектігі және орналасқан қазақ жеріне мұжық келмеуін ескеру баса айтылды.

Дәл сол кезде аса ушықты да шешуін таппаған мәселелердің бірі - жер мәселесі-тің. Бағдарлама жобасында жер үлесі алдымен жергілікті халыққа қазаққа-авт.) берілуі, жерді қазақ жеке отбасына иеленбей ауыл-аймақ, туысқан табына меншіктеп алу, жер заңында жер сату деген болмауы, әркім өзі пайдалану (бұл арада әркім-мемлекет мағынасында берілген-авт.), табиғат ресурстары мемлекет меншігі екендігі айтыла келе: «Қазақ халқы өзіне еншілі жерге орнығып болғанша қазақ жері ешкімге берілмесін...Жер хақында қазақ өз алдына жер жобасын жасасын», деп көрсетілген бағдарламада.

Алаш автономиясы аталған ұлттық мемлекетті аяғынан тік тұрғызу үшін және тек қана советтік негіздегі автономияларды ғана қорғап-қолдауға бейім тұрған «бостандық жауы - большевизммен күресу үшін» Алашорда көсемдері «халықтық милиция» атанған ұлттық әскер құру мен советтерге қарсы әртүрлі саяси күштермен одақтасу ісіне үлкен мән берді [12].

Алаш әскері қазақ мемлекеттілігі қалыптасуында тарихи маңызды болды. Өйткені, қай уақытта болсын Қарулы Күш тәуелсіз мемлекет кепілдігі.

Алаш зиялылары ұлт мемлекеттілігін таптық жіктелу принципінде құрылуын әу бастан қолдаған жоқ. Олар ешқашан большевиктердің тап күресі туралы теориясын ұстанған

емес. Кезінде Алаш қозғалысының жарқын өкілдерінің бірі - Міржақып Дулатов қазақты капиталист, буржуй, жұмыскер деп бөлуге болмайтынын, қазақта еуропа халықтарындай зауыт, фабрика жоқтығын, осы себептен қазақ халқы таптық жікке бөлінбейтігін атап көрсеткен болатын [13]. Сол себептен партия бағдарламасы жобасының «Жұмысшылар» бөлімінде қазақ жерінде ірі өнеркәсіп орындары аз болуына сәйкес қазақ жұмысшылары аздығы ескеріліп, бұл мәселе турасында алаш зиялылары социал-демократтардың меншевик табының бағдарламасын жақтады.

Алаш қайраткерлерінің сонау өткен ғасыр басындағы конституциялық бағдарламасының өзі бүгінгі тәуелсіз мемлекеттік нышанымызбен үндесетіні байқалады. Тіпті, мұндағы бірқатар мәселелер әлі де маңыздылығын жоймай келетінін айтсақ артық етпес.

Құқықтану ғылымы ҚР Конституциясының шежіресін кеңестік дәуірден бастайды, тіпті ол қисынға салсақ тәуелсіздік алғанға дейін үш Конституция болып шығады, 1926, 1937, 1978 жылы қабылданған құжаттар. Дегенмен басқалар Конституциямызды қашан жазып береді екен деп бабаларымыз қарап отырмапты. Жиырма алтыншы жылға дейін қазақ жерінде бір емес, екі бірдей құжат өмірге келді. Оның біріншісі 1911 жылғы Барлыбек Сыртанов жазған «Қазақ елінің Жарғысы» болса, екіншісі – «Алаш» партиясының бағдарламасы. Алайда, XIX ғасырдағы Қазақ елінің алғашқы авторы большевиктер емес, Алаш марқасқаларын екенін мойындай алмай келеміз. Ескі оқулықтардың ережелеріне түзетулер енгізіп жатыр. Барлыбек Сыртановтың жазған 4 бөлім, 28 тармақтан тұрған құжатта мемлекеттіліктің негізгі діңгектері көрініс тапты. Мысалы, «Адам баласының құқы турасында» деп аталатын екінші бөлімнің 10-шы тармағында: «Қазақ елінде адам баласы тең құқылы». Дініне, қанына, тегіне, нәсіліне қарап, адамды қорлауға жол жоқ делінген. Яғни бүгінгі ұлтаралық саясатты Б.Сыртанов сол кезде-ақ айтып кеткен. «Ресеймен достастық, яғни, доминион дәрежесінде қарым қатынас орнатамыз, өзін-өзі билеген нәсілдер сияқты ел боламыз», деді Б.Сыртанов. Тіпті бұл арманы орындалған жағдайда, елдің рәміздерін қалай жасау керектігін де Конституцияға жазды. Б.Сыртановтан кейінгі қазақ даласындағы Конституциялық идеялар Алашорда үкіметіне тиесілі. 1917-1919 жылдары қолданыста болған «Алаш партиясының бағдарламасы» атты бағдарлама болғанымен, заты тұтастай Конституция деуге лайық. Бір айта кетерлігі, 10 тараудан тұрған бағдарламалардың баптары қазіргі тәуелсіз еліміздің Конституциясымен ұқсас. Салыстырып көрсек.

«Демократия мағынасы мемлекетті жұрт билеу» («Алаш» партиясының бағдарламасы, 1917 жыл)

«Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық» (ҚР-ның Конституциясы, 3-бап, 1-тармақ)

«Қазақ жерлері мемлекет ауқымында бір болады. Қазақ жерінің асты-үсті байлығы - Алаш меншігі» (Алаш партиясының бағдарламасы, 1917 жыл)

«Мемлекет өз аумағының тұтастығына қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді» (Қазіргі Конституция, 2-бап, 2-тармағы) сәйкестіктер табылып отыр [14].

Қорыта айтқанда, Алаш қайраткерлерінің сонау өткен ғасыр басындағы конституциялық бағдарламасының өзі бүгінгі тәуелсіз мемлекеттік нышанымызбен үндесетіні байқалады. Тіпті, мұндағы бірқатар мәселелер әлі де маңыздылығын жоймай келетінін айтсақ артық етпес. қолданыстағы Конституция республика өмірінде экономикалық қана емес, саяси өзгерістерге де жол ашты. Қос палаталы кәсіби Парламенттің жасақталуы да соның жарқын айғағы. Түйіндей айтсақ, 1995 жылы қабылданған Ата Заң мемлекеттің шұғыл бетбұрысын қамтамасыз етіп, Қазақстанның қазіргі жеткен жетістіктерінің бірден-бір кепілі бола алды. Оны дәлелдеп жатудың өзі де артығырақ. Сосын бұл Конституция мемлекеттік биліктің біртұтастығын бекіте отырып, оны шашыраңқы күйден, біртұтас, жұмылған жұдырықтай жүйеге айналдырды. Конституция қағидаттарына сәйкес, еліміздің демократиялық жолмен даму бағыты айқындалды. Құқықтық мемлекет қалыптастыру қағидалары қоғамда және азаматтардың санасында түпкілікті бекітіліп, өз жемісін беруде.

Пайдаланылған әдебиеттер мен сілтемелер:

1. Н.Б. Смағұлов, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің оқытушысы. Алаш партиясының бағдарламасы және алашорда үкіметі.
2. Назарбаев Н. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999. -296 б.
3. Сейдеш Б.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық құқық кафедрасының аға оқытушысы. Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығы: азат елдің төлқұжаты, яғни ата заңымыздың қоғамдағы алатын орны.
4. Қасым Тоқтаров. Ата Заң. BNews.kz «www.bnews.kz». Астана. 22 қаңтар 2015, 15:00.
5. Жұртбай Т. Алаш идеясы және Ораз Жандосов. //Саясат. 1999. №10, [№1,856.]; [№1,876.].
6. Бисенова Ғ. Бірінші орыс революциясы тұсындағы қазақ азаттық қозғалысы. Автореферат. Алматы: Ғылым. 2002. 32б. [№19,4б.]
7. Балкеев Алмас. Алаш қайраткерлерінің егеменділік туралы идеяларының маңызы: ретроспективті саясаттанулық талдау.
8. Каныбаев М.М., Начальник Управления по надзору за законностью уголовного процесса прокуратуры г. Астаны.
9. Қаленова Т.С., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті., Алаш автономиясының мемлекеттілік негіздері. Астана қаласы.
10. Алаштың талапты азаматына.// «Қазақ» газеті (Құрастырушылар: Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов). Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998, Б. 396.
11. Ә. Бөкейханов, Шығармалар, 1994, 375 б.
12. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. - желтоқсан 1917 ж. Құрастырушылар: Қ.С. Алдажұманов, А.С. Зұлқашева, М.Қ. Қойгелдиев, К. Нұрпейіс, С.К. Рүстемов, Е. Сайлаубай, Ш.Б. Тілеубаев, Е.В. Чиликова. Алматы: Алаш, 2004.-Т. 1.- 552 бет. –Б. 438-441.
13. Сарыарқа. 1918. №31.
14. Сексенбайұлы Мейржан. Кеңестік қазақстандағы мемлекет және құқық.

УДК 347.12

ОСНОВНЫЕ СТАДИИ ИЗБИРТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА В РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ

Баташев Виктор Сергеевич

студент факультета филологии, истории и права Филиала ОмГПУ в г. Таре

Научный руководитель - **Пыхтеева Елена Викторовна**

pichiteeva@mail.ru

к.полит.н., доцент кафедры гуманитарных дисциплин и правоведения

Филиала ОмГПУ в г. Таре

Развитие избирательного права, как одного из наиболее демократических общественных институтов, в Российской Федерации продолжается в настоящее время.

Для реализации субъективного избирательного права граждан Российской Федерации необходимы определенные действия участников избирательного процесса: избирателей, избирательных объединений, избирательных комиссий, органов государственной власти.

Избирательный процесс включает в себя следующие основные стадии: назначение выборов, образование избирательных округов и избирательных участков, избирательных комиссий, составление списков избирателей, выдвижение кандидатов в депутаты и их регистрация, предвыборную агитацию, финансирование выборов, проведение голосования и установление результатов выборов.